

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ МУЛЬТИМЕДИА ҚҰБЫЛЫСЫН МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

¹*Бурибеков Онласын Сеитжаппарович,*

²*Нурмуратов Серик Есентаевич, ³Болысбаев Дәулетхан,*

⁴*Карибаев Олжас*

^{1,4}*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы Қазақстан)*

²*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы Қазақстан)*

³*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(Шымкент, Қазақстан)*

¹*onlasyn777@mail.ru, ²s.nurmuratov@mail.ru,*

³*daulet.bolysbaev.74@mail.ru, ⁴ol1188zhas@mail.ru*

¹*Buribekov Onlasyn, ²Nurmuratov Serik, ³Bolysbaev Dauletkhan,
⁴Karibaev Olzhas*

^{1,4}*Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty Kazakhstan)*

²*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS
MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)*

³*M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)*

¹*onlasyn777@mail.ru, ²s.nurmuratov@mail.ru,*

³*daulet.bolysbaev.74@mail.ru, ⁴ol1188zhas@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада заманауи кезеңдегі мультимедиа дамуының әлеуметтік-мәдени аспектілері қарастырылады, түрлі ақпараттық өнімдер мен оларды әзірлеу құралдары туралы қызметтің көптеген салаларында мультимедиялық технологияларды қолдану туралы жалпы түсініктер беріледі, олардың бітім-болмысы мен ішкі мазмұны ашылады. Мәдениеттегі мультимедиа құбылысы ерекшелігін анықтайтын өзіндік қырлары мен оның өзін-өзі реттеуі, қалыптасуы мен дамуын анықтайтын ішкі және сыртқы жүйе құраушы факторлары бар күрделі, ашық және икемді жүйе ретінде қарастырыла отырып, оның қолданбалы маңызына да көңіл бөлуге талпыныстар жасалады. Мультимедиялық мәдениеттің ерекшелігін қарастыру қоғам мен рухани болмыстың ерекше өнімі боып есептелетін мәдениет, өнер сияқты күрделі, адам шығармашылық мүмкіндіктерінің жемісіне жан-жақты жүйелердің өзара әрекеттесуі

* Мақала AP19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» гранттық жобасы ауқымында орындалды.

арқылы жүзеге асады. Жұмыста мәдени-әлеуметтік өмірде өзінің ерекше орнын ала бастаған мультимедиалық жүйені оңтайландыру қажеттілігі мен мүмкіндігі көрсетілген. Зерттеу нәтижелері бойынша мультимедиа бұл технологиялық революцияның өнімі ғана емес, мыңдаған жылдар бойы өнер мен іс-әрекеттің сан түрлерінде болатын идеялардың цифрлық көрінісі ретінде әрекет ететін көркем шығармашылықтың жаңа түрі деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: анализ, идея, тұлға, қоғам, мультимедиа, мәдениеттану, компьютерлік технологиялар, цифрлық өнер, өнертану, визуалды өнер

Кіріспе

Қазіргі қоғамның ақпараттық және саяси-әлеуметтік салаларындағы түбегейлі өзгерістер көптеген мәселелерге жаңаша қарауды талап етеді. Мақалада көтерілген әлеуметтегі мәдени құрылымдардың жан-жақты қырларын тұлғалық даму тұрғысынан ғылыми сараптау мәселенің өзектілігі мол екенін білдіреді. Заманауи кезеңдегі руханият саласындағы қайта пішімделу негізінен рухани-құндылықтық, дүниетанымдық бағдарларда жүріп жатыр. Сондықтан гуманитарлық ғылым ауқымындағы зерттеу жұмыстарының терең иірімдері, мағыналық тұғыры көптеген философиялық, мәдениеттанулық құбылыстармен байланысты екені анық. Қазіргі заманауилық сипаттағы индустриалды, ақпараттық қоғамның дамуында басқа салалармен бірге мультимедианың қолданыс аясы күннен күнге артуда. Ғылым мен техникадан бөлек, мультимедиалық жобалар заманауи медиакеністіктің ажырамас бөлігіне айналып, білім беру мен тәрбие ісінің барлық саласында кеңінен пайдалануда постмодернистік мәнге ие бола отырып, заманның күрделі сұраныстарына тиімді жауап беруде. Мультимедианың жүйелі және пәрменді дамуы қоғамдағы қалыптасып келе жатқан тұлғаның дүниетанымына да игілікті әсер етеді. Жаңа Қазақстан философиясы мен педагогикасында (мектепке дейінгіден бастап, жоғары мектепке дейін, сондай-ақ салаларына қарай техникалық, гуманитарлық, шығармашылық) мультимедиалық оқу құралдарын жасау мен ізденістердің артқан сайын «мультимедиа» құбылысына ғылыми-теориялық тұрғыдан маңыздылығын анықтап, ғылыми талдау жасау қажеттілігі мен өзектілігі айқындала түсуде.

Зерттеу әдіснамасы

Ғылыми зерттеуге негіз болған басты әдіснамалық бағдар – гуманитарлық кеңстіктегі әлеуметтік-мәдени талдау тәсілді қолдану, сонымен қатар зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау, жүйелілік пен пәнаралық қағидаттарын қолдану сияқты тәсілдер топтамасы ерекше орын алады. Теориялық зерделеулермен қатар қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулердің нақты тәсілдері ғылыми нысанды тереңдей және ауқымды қарастыру үшін қолданылды. Тарихи кезеңге сәйкес зерделенуге тиісті ғылыми нысанға нақты сипатта беру

үшін әлеуметтік философияның да, тарихи білімдердің көмегі тигенін атап өтуге болады. Сондықтан әдіснамалық тұрғыдан зерттеу жұмысында заманауи ақпарат әлемі мәселесін қарастыруда пәнаралық және кешенді әлеуметтік-мәдени талдаудың маңыздылығы ерекше екені көрсетілді.

Гуманитарлық саладағы мультимедиа түсінігін ғылыми зерделеу

Заманауи кезеңде мультимедиа түсінігіне, ғылыми категориясына объективті тұрғыдағы зерделеулердің қажеттілігі барынша кеңінен туындауда. Бірінші кезекте бұл қадамдар компьютерлік технологиялар саласындағы зерттеулер, бағдарламалаулар, қоғамды ақпараттандыру аясындағы жетістіктер, сондай-ақ білім беруде мектепке дейінгі және жоғары сыныптарда оқу-тәрбие ісінде ғылыми-теориялық, практикалық мүмкіндіктерін қарастырудан бастау алуы қажет. Бұл құбылыстың жоғары мектепте және қоғамдағы әлеуметтік ақпарат әлемінде, сонымен қатар мәдениеттану мен өнертануда да елеулі орны мен маңызы бар.

Әлемнің көптеген елдеріндегі ғалымдар ортасында мультимедиа құбылысының сан қырлы қасиеттері пәрменді түрде бірнеше бағыттарында зерттелуде. Мәселен:

- компьютерлік технологиялар бағытында (И.Венгер, Н.Кайе, К.Либеровская, П.Нортон, Р.Петелин, С.Пайпер және т.б.);

- қолданушыларға психологиялық әсері мен білім беруде әдістемелік құралдарда мультимедианы кеңінен қолдану бағытында (А.Ардеев, В.Волынский, А.Вудли, Е.Машби, И.Захарова, Н.Морзе, Дж.Ричардсон, А.Камарис, И.Роберт, П.Фейхи және т.б.);

- мәдениет пен өнердегі жаңа құбылыс ретінде (И.Гайденко, А.Буров, И.Елинер, А.Каптерев, Е.Морева, Б.Светлов, Т.Суминова, М. Трайб, Т.Орлова, А.Дриккер, О.Горюнова, А.Деникин және т.б.).

Зерттеудің мақсаты – мультимедиа құбылысының қоғамдағы орны мен адами дамуға қатысы бар қырларын анықтау болғандықтан еңбекте аталған ғылыми-теориялық әр бағытты мәдениеттанулық және өнертанулық тұрғыдан талдау жасалынады. Мультимедиа — компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнені біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Мультимедиа өзі көптеген мәлімет тасымалдаушылар жиынын білдіреді. Мультимедиалық зат құрамына музыкалық және ауызекі жетелеу, бейнеклиптер, анимация, графикалық слайдтар және мәтіндік базасы кіретін интерактивті жиынтық кіреді. Өзіндік бағыттағы «компьютерлік жүйе» ретінде Америкада 1990 жылдың басында пайда болды. Сол кезде алғашқы программалық жабдықтамалар компакт дискілер арқылы шыға бастады [1, 8-9 б.].

Осыған ұқсас анықтаманы техникалық энциклопедиядан көре аламыз: «Мультимедиа дегеніміз түрлі ақпарат көздерін (мәтін, дыбыс, фото, сурет, анимация, бейне) өзара байланыстыра алатын компьютерлік технология,

сондай-ақ осы типтес ақпараттар жиынтығы» деп түйінделеді [2]. Шетел сөздіктері «мультимедиа» мәнін сурет (бейне), дыбыс, мәтіндермен ауқымды жұмыс істей отырып, интерактивті түрде өзге жүйелермен қосарлана әрекеттесе алатын компьютерлік ақпараттық жүйе деп ұсынады[3]. Осы сынды «технологиялық» анықтаманы А.Пушкарьдың жетекшілігімен жоғары мектепке арналған ақпарат кітабында: «Мультимедиа дегеніміз компьютерлік құралдар арқылы графикалық бейне, анимация, дыбыс және басқа да арнайы эффектілерді біріктіре алатын заманауи ақпарат құралы» екендігі жазылған[4,543 б.].

Осы саланың көрнекті зерттеушісі И.Вернер мультимедианы «технология» деген тұжырымды ұстана отырып, ақпаратты өңдеу мен компьютер мен адамның интерактивті байланысын жаңа деңгейге көтеретін ақпараттық қоғамның ең жаңа технологиялық қалыбы әрі нәтижесінде шығармашылыққа жол ашылатынын ескеруіміз қажет деп баяндайды [5,7 б.]. Демек, автор техника мен адамның арасындағы өзара қатынастардан өзіндік сұхбатық мағына іздеуге тырысады. Ал енді осындай қадамдар болашақта қоғамда «жасанды интеллект» тұжырымдамасын алға шығаруға алып келетініне меңзейді.

Келтірілген ғылыми әдебиеттік шолуға сәйкес заманауи ғылым мультимедианы түрлі ақпараттық материалдарды (мәтін, дыбыс, фото, сурет, анимация, бейне т.б.) тиімді басқаруға мүмкіндік беретін компьютерлік технология деген көзқарасты ұстанатынын байқауға болады. Осы позицияны қолдап, жалпы бағытымен келісуге де болады. Техника-технологиялық сөздіктер «мультимедиа» терминіне берген анықтамаларын үш топқа бөліп қарастыруға болады, олар: түрлі ақпарат көздерін жасау мен сақтаудың жаңашыл түрі; түрлі типтегі ақпаратты ұтымды басқаруға мүмкіндік беретін әмбебап құрылғы ретінде; дайын бағдарламалық өнім деп қабылдау. Ғалымдардың кейбірі «мультимедианы» бұқаралық ақпарат құралдарының баламасы дей келе, медианың (интернетті қоса алғанда) баспа өнімдері, фото, радио, кино туындылардан мультимедиалық компьютерлі жүйелерге эволюцияланғанын айрықша атап өткен.

Мультимедиа түсінігін әлеуметтік-мәдениеттанулықпен қатар психологиялық-педагогикалық кеңістікте талдайтын болсақ, онда білім беруде мультимедиалық технологияны пайдалануды зерттеген жұмыстардың көбі (В.Быков, М.Жалдак, А. Крапивенко, И. Роберт т.б.) техникалық-технологиялық ұстанымды басшылыққа ала отырып жүргізілгенін байқаймыз. Мысалы, А.Крапивенко [6] мультимедианың адамның сезім және қабылдау қабілетіне әсерін зерттеу барысында мынадай терминологиялық түсініктемелерге жүгінеді:

1. Мультимедиа дегеніміз идея, яғни кешенді мәселелерді шешуге, сезім органдарына синергетикалық түрде әсер ете алуы, түрлі ақпарат көздерін тарту мен сақтауға деген жаңа көзқарас.

2. Мультимедиа бұл – әртүрлі ақпараттармен (мультимедиа - компьютер-

лер, кешенді ақпараттар, бағдарламалық мультимедиа құрылғылары) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламалы-аппараттық жабдық.

3. Мультимедиа - өнім бұл түрлі типтегі (жүйеленген сайт, электронды анықтама, түсіндірме сөздіктер немесе компьютерлік ойындар) ақпараттан құралатын компьютерлік өнім.

Сондай-ақ, мәселеге ұғымдық тұрғыдан келетін болсақ, онда белгілі зерттеуші А.Крапивенко келесідей жалпылама авторлық анықтама береді: «Мультимедиа - түрлі типтегі (сурет, дыбыс, бейне, сезіну) мультимедиалық ақпаратты біріктіре алатын, адамның қабылдау қабілетіне сезім органдары арқылы әсер ету мақсатында, тұтас ақпараттық орта жасау үшін жасалатын компьютерлік технологиялар» [6,10 б.].

Мультимедиаға философиялық-мәдениеттанулық көзқарастар адамның субъектілік рөлін маңыздандыра түседі және технология мен идеяның кірігуіне басымдық береді. Мәдениеттердің өзара байланыса алуына мүмкіндік беру мен мәдениетті сақтау және танытуда зор құзіреттіліктерге ие деген көзқарас кең таралған. Бұл салада көптеген зерттеу жүргізген О.Шлыкова мұны құбылыс ретінде бағалай келе [7] көптеген көркем формалардың теоретикалық және практикалық байланыс орнатуға әрекеттері батыс мәдениеттерінен бастау алатын өнері дамыған (өнердің түрлерінің синтездеуде эстетикалық теориялардың көне замандардан бар екені белгілі, атап айтқанда мифологиялық дүниетаным мен Орта ғасырлар дәуіріндегі шіркеулік синтездердің компонентінен бастап ХХ жүзжылдықтың көркем авангарды мен символизмның «синтетикалық өнеріне» дейін) әр кездегі дәуірлердің идеясын көрсетудің цифрлық құралы деген тоқтамға келеді. Осы сынды тұжырымды К.Либеровская, Л.Манович сынды бірқатар батыс ғалымдары да ұстанады. Суретші туындыларындағы көркем формалардың бірізділікпен жаңаруын басты назарға алынуы мен классикалық эстетика қағидалары құндылықтық өлшемдерін айшықтаған ХХ ғасыр авангарды сынды батыс өнерінен мультимедиа құбылысы бастау алады. Бұл ерекшелік ешқандай дәстүрлі құралдармен өлшенбейтін тек қана суретші туындыларында ғана пайда болуы арқылы ХХІ ғасырдағы цифрлық өнер тәжірибелерінің қалыпты көрінісіне айналды.

Мультимедиа феноменінің қоғамдағы ерекше сипаттамасы

Мультимедиа құбылысын сан қырынан зерттеген О.Шлыкова негізгі үш бағытты бөліп көрсеткен:

- бағдарламалық сыртқы қабат ретінде;
- мультимедиалық технологиялар арқылы жасалған өнім ретінде;
- компьютерлік жабдық ретінде (компьютерде CD-ROM/DVD-Drive болуы, тиісті ақпараттарды шығару үшін дыбыс пен аудио құрылғыларының болуы, жады көлемі т.б.) [7].

Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ мультимедиа анықтамасын «көпорталық» емес (көп медиа), «әмбебап орта» яғни ақпаратты көрсетудің әр түрі мен құралдарын ұсынушы тұтас кеңістік екенін айтқан О.Шлыкованың көзқарасымен келісуге болады.

Бұл дегеніміз, заманауи ғылымда мультимедианы мәдениеттің ерекше құбылысы ретінде талдаулар мен мәдениеттанулық түсінігі қалыптасып келеді дегенге саяды. Нәтижесінде мультимедианы келесідей мәнде талдауға мүмкіндік береді:

- Медианың эволюциясы (жазба,баспадан цифрлыққа дейін) нәтижесінде пайда болған электронды қарым-қатынас ретінде; мәдени эволюцияға жаңа екпін беретін қарым-қатынастың жаңа құралы ретінде;

- Жаңа құралдар арқылы жасалатын көркем шығармашылықтың қалыбы ретінде [7, 24 б.]; көркем бейнелерді цифрлық (digital) технологиялар арқылы іске асыру – жүйелік өнер (NetArt), «кибермәдениет», компьютерлік музыка, интербелсенді цифрлық қойылымдар, яғни дәстүрлі форматта тамашалай алмайтын өнер түрлері.

Қазіргі мәдениеттанудағы мультимедиалық мәдениет құбылысы пайда болуда, осы орайда ақпараттық ортадағы бұл мәдениет үдерісін зерттеген И.Елинер, тұтынушыға дыбысты-визуалды образдар (мәтін, графика, диалог, музыка, анимация, бейне және т.б.) арқылы мейлінше ықпал ете алу мен ақпарат алмаса алатын технология және құралдар жиынтығы деп атап өткен [8]. Сонымен қатар, мультимедиалық мәдениеттің айрықша басымдылық беруші қасиеті деп оның интербелсенділігіне жоғары баға береді. Осы арқылы қолданушы мультимедиалық туындының жай көрермені немесе тыңдаушысы емес, белсенді қатысушына айнала алады.

Мәдениеттанушы ғалымдар ақпараттық орта, мультимедиалық өнер мен жалпы қоғам мәдениетін зерделеу мәселелеріне баса назар аударуда. Бұл туралы М.Кирмайердың «Мультимедиа», О.Шлыкованың «Мультимедиа мәдениеті», А.Дриккердің «Мәдениет эволюциясы:ақпараттық іріктеу», И.Елинердің «Ақпараттық қоғамда мультимедиалық мәдениеттің дамуы» атты және т.б. еңбектерде постөндірістік кезеңдегі қоғамда құндылықтар жүйесін қалыптастыруда мультимедианың әлеуметтік және мәдени маңызы жоғары екенін жазған. Атап айтқанда, өнер нысанын қабылдау қағидасы өзгеруі, автор мен көрермен аражігін нақтылау нәтижесінде әркелкі өнер түрлерін заманауи мультимедиалық технологияларға (цифрлық кескіндеме, интернет-әдебиет, NetArt, виртуалды музей т.б.) бейімдеу қажеттілігі туындайды [8].

Мәдениеттануда «мультимедиа мәдениеті» (тұлғаның мультимедиа технологияларын жоғары деңгейде меңгеруі) мен «мультимедиалық мәдениет» (жалпы қоғам кеңістігінде мәдени құндылықтарды жасау, сақтау мен тарату үдерісі ретінде). Осы ұстанымды белорус ғалымы Б.Светлов та мультиме-

дия дегеніміз сезімнің барлық мүшелеріне әсер ете алатын көпканалды орта, ал мультимедиалық мәдениет бұл уақыт пен кеңістікте аталған ықпалдың үдерісі деп қуаттайды [9]. Өзара коммуникация барысында мультимедиа-лық каналдар арқылы мәдени құндылықтар - яғни дәстүрлі түрдегі емес, жүйеленген, бірізділікпен өңделген ақпарат алмасады. Осы арқылы ғалым мультимедиалық мәдениет дегеніміз бұл заманауи ақпараттық қоғамның эстетикалық құбылысы деген қорытынды жасайды.

Заманауи мәдениеттанушы Т.Орлова мультимедиа дәуірі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, рухани дүниетаным ауқымы кеңейе түскенін көрсеткен. Шын мәнінде мультимедиа мүмкіндіктері мол сала. Ол жерде тұлғалығының ерекше қырларын сипаттауға мүмкіндіктер туатынын байқаймыз. Сонымен қатар этносаралық, мәдениетаралық кейбір қашықтықтар жақындап, тосқауылдар алуға жағдайлар жасалатын да байқалады. Аталған заманауи жаңашылдықтардың жиынтығын адамзаттық мәдени дамудың барлық алдыңғы кезеңдерінен асып түсетін screen-мәдениет [10] дәуірі деп атады.

Шығармашылықтың көркем формалары арасында мультимедианың қолдану аясы кеңейгендіктен бұл құбылысты өнертану тұрғысынан саралап көрейік. А. Буров сынды бірқатар ғалымдар көркем-эстетика кеңістігінде мультимедианың алар орнын – түрлі аудиовизуалды туындылардың бірігуінен құралған заманауи синкреттік экрандық өнер деген анықтама берген. Ғалымдар сондай-ақ мультимедиа-лық «заманауи көпорталылық пен көпвиртуалды-визуалды-дыбысты экрандық мәдениетті» көрсетеді, ал заманауи мультимедиа тілі әрқелкі тілдік жүйелердің қосындысын құрайды [11, 5 б.]. Осы себепті заманауи өнертануда мультимедиа бұқаралық ақпарат құралдары немесе кинематограф пен телевидение медиатеchnологиясының эволюциясы нәтижесінде пайда болған аудиовизуалды өнердің жаңа түрі ретінде ұсынылуда.

Бұдан бөлек, мультимедиа терминімен заманауи өнертануда перформанс, инсталляция, визуалды көркем өнердің түрлері, құрамына өнердің бірнеше түрі кіретін: би, музыкалық туынды үзінділері, кино немесе анимация фильмдерінен үзінділер, қимыл қабілеті бар ескерткіштер, поэзия, фотографиялар т.б. сынды формалардағы көркем акцияларды атайды. «Мультимедиа-арт» атты дербес термин қолданысқа еніп, «цифрлық өнер» (digital art) мен «жаңа медиа өнері» түсініктерімен мәндес болды. Осы тақырыпта қазіргі мультимедиа-лық өнер болмысын зерттеген А.Деникин мен бірқатар Л.Манович, Н.Кайе, М.Трайб сынды батыс ғалымдары «жаңа медиаға», ақпаратты таратудың мультимедиа-лық қағидаларын қолданатын интербелсенді электронды басылымдар, жүйелік технологияларды жатқызады [12]. Осы ретте А.Деникин шетелдік мәдениеттанушы мамандар әдетте «мультимедиа» түсінігін мультимедиа-лық құралдар арқылы көрсету, тарату мүмкіндік беретін құралдар арқылы (компьютер, мультимедиа-лық

орталық, интербелсенді басқару пульті т.с.с.) көркем шығарманың техникалық сипатын анықтау үшін қолдануға болады алайда жанрлық немесе тілдік ерекшеліктеріне қарай туындыға басқа да терминдер (перфоманс, инсталляция, бейнелі арт т.б.) қолданысқа енді [13].

Мультимедиа құбылысы музыка зерттеушілердің де қызуғышылығын тудырды. Заманауи композиция теориясының авторы, көрнекті ғалым Ю.Холопов музыка өнерінің жаңа қырларын талдай келе, мультимедианы музыкалық авангард пен сериализм, сонористика, электронды музыка, аспаптар театры, инсталляциялар арасындағы аса мыңызды бағыттардың бірі ретінде бөліп көрсетеді.

Заманауи композиция теориясы оқу құралының авторлары [14] Ю.Хлоповтың ұстанымын қуаттай келе мультимедиа түсінігін «көпорталы», яғни музыканың басқа да өнер түрлерімен: кескіндеме туындылары, жырлармен, скульптуралармен, сахналық қойылымдармен бірлесе алатын айрықша көркем акция деп пайымдайды. Музыкалық техникалар (алуан түрінде) әрқайсысы өз уақыт-кеңістігінде жасай отырып, көпкеңісті және көптехникалылық негізінде тұтастығын сақтайтын өнердің басқа түрлерінің техникаларымен әрекеттеседі [14, 565 б.]. Бұл тұрғыда мультимедиа барынша көп компоненттен құралған, өнер, өмір, кейде тіпті дінмен аражігі байқалмайтын күрделі акция деп түсіндіріледі. Мысал ретінде іске аспағанына қарамастан, толыққанды мультимедиалық жоба ретінде музыкатанушылар ХХ ғасыр басындағы А. Скрябиннің «Мистерия» жобасын К. Штокхаузен, Дж. Кейдж және т.б. ХХ-ХХІ ғғ. басындағы авангард мәдениет өкілдерінің заманауи мультимедиалық жобаларының нақты бастауы деп атайды.

Бұдан бөлек, мультимедиа жеке түрде музыкатануда композиция жасаудың қағидасы ретінде қарастырылып, бұл тұрғыда жазу техникасы, дәлірек айтқанда музыкалық техниканы музыкалық емес техникалармен (әдебиет, сахналық іс-қимыл, графика, математика, символика т.б.) кіріктіру құралы болып табылады.

Қорытынды

«Мультимедиа» түсінігінің түрлі заманауи анықтамаларын талдау барысында ғылыми қолданыста аппараттық және бағдарламалық құралдар әрекетінің техникалық қырларын көрсететін техникалық-технологиялық сипаты басым екені анықталды. Сондай-ақ «мультимедиалық технологиялар» түсінігі де синонимді мәнде қолданыс таба отырып, барлық анықтамаларда мультимедианы-көп орталылық пен интер белсенділігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бұдан бөлек, мультимедиа құбылысы мәдениеттану мен өнертануға еніп келеді. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, өнер саласында

мультимедианы қолдану туынды мазмұны мен тілдік қырларын мейлінше ашып, мультимедиалық арт-тәжірибелер, электроника, лазерлі техника, кинематика, компьютерлік инсталляциялар, трансмузыка, интербелсенді өнер қолданылатын көптеген заманауи қойылымдар адамның көркем-этикалық санасының трансформациясына ұшыратады. Мультимедиалық көркем жобаларда дәстүрлі визуалды құралдар (нарративтік, визуалдық, көркем образ, анимация, ракурс және т.б.) орнына жаңа: тәжірибелік кеңістік, симуляция, ақпараттар көрінісі ретінде форма-жүйе, интербелсенділік, синестезия мен т.б. орнын басуда. Суретші – жасаушы заманауи өнердегі мультимедиалық тәжірибелерде туындыны тек жасаудан алшақтап, коммуникативті-шығармашыл мазмұнның бастамашысына айналды. Шын мәнінде заманауи өнердің (contemporary art) жаңа метатілі қалыптасуда.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдраманова, Г.Б. Оқу үрдісінде мультимедиа технологияларын қолдану / Г.Б. Абдраманова, С.К. Таженова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2015. – № 7.1 (87.1). – б. 8-9. – URL: <https://moluch.ru/archive/87/16654/> (дата обращения: 26.12.2022).
2. Мультимедиа. Словари онлайн. Энциклопедия техники [Электронный ресурс]. http://slovarionline.ru/entsiklopediya_tehniki/page/multimedia.2246.
3. Мультимедиа. Словари онлайн. Словарь иностранных слов русского языка [Электронный ресурс]. http://slovarionline.ru/slovar_inostrannyih_slov_russkogo_yazyika/page/multimedia.29842
4. Информатика. Комп'ютерна техніка. Комп'ютерні технології: Підручник для студ. вищих навч. закладів / За ред. О.І. Пушкаря. – К.: ВЦ “Академія”, 2002. – 704 б.
5. Вернер Ингенблек. Все о мультимедиа / Ингенблек Вернер. – Киев: ВНУ, 1996. – 352 б. – ISBN 5-7733-0022-2.
6. Крапивенко А.В. Технологии мультимедиа и восприятие ощущений: учебное пособие / Андрей Викторович Крапивенко. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2009. – 271б.: ил. – ISBN: 978-5-94774-967-0.
7. Шлыкова О.В. Культура мультимедиа: Уч. пособие для студентов / О.В. Шлыкова / МГУКИ. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2004. – 415 с.
8. Елинер И.Г. Развитие мультимедийной культуры в информационном обществе: автореф. дисс. доктора культурологии: 24.00.01 / Елинер Илья Григорьевич [Место защиты: С.-Петербург. гос. ун-т культуры и искусств]. – СПб., 2010. – 45 б.
9. Светлов Б.В. Эстетические потребности личности в сфере мультимедийной культуры: автореф. дис... канд. филос. наук: 09.00.04 / Б.В. Светлов; Ин-т философии НАНРБ. – Минск, 2003. – 22 б.
10. Орлова Т. Образный синтез в умов ахscreen-культуры / Т. Орлова [Электронный ресурс]. [dspace.pnpu.edu.ua>bitstream/123456789/2029/1/orlova.pdf](http://dspace.pnpu.edu.ua/bitstream/123456789/2029/1/orlova.pdf).
11. Буров А.М. Язык мультимедиа. Эволюция экрана и аудиовизуального мышления / А.М. Буров, Е.Г. Яременко, С.М. Соколов, Н.В. Лукиных, А.М. Орлов, В.М. Моне-тов. – М.: ВГИК, 2012 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://mkrf.ru/upload/mkrf/mkdocs2012/08_11_2012_4.pdf
12. Manovich L. The Language of New Media. Cambridge, 2001.
13. Деникин А. Мультимедиа и искусство: от мифов к реалиям / А. Деникин // Художественная культура / Art & Culture Studies. – 2013. – № 6 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://sias.ru/magazine/vypusk-6-2013/yazyki/843.html>

14. Теория современной композиции: учебное пособие / Гос.инст.искусствознания, Моск. гос.консерватория им. П. Чайковского; отв.ред. В.С. Ценова. – М.: Музыка, 2005. – 624 б.

Transliteration

1 Abdramanova, G.B. Оқу үрdisinde mul'timedia tekhnologiyalaryn қoldanu [The Use of Multimedia Technologies in the Educational Process] / G.B. Abdramanova, S.K. Tazhenova. – Tekst: neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. – 2015. – № 7.1 (87.1). – б. 8-9. – URL: <https://moluch.ru/archive/87/16654/> (data obrashcheniya: 26.12.2022).

2 Mul'timedia. Slovari onlajn. Enciklopediya tekhniki [Multimedia. Dictionaries Online. Encyclopedia of Technology] [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: http://slovarionline.ru/entsiklopediya_tehniki/page/multimedia.2246.

3 Mul'timedia. Slovari onlajn. Slovar' inostrannyh slov russkogo yazyka [Multimedia. Dictionaries Online. Dictionary of Foreign Words of the Russian Language] [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: http://slovarionline.ru/slovar_inostrannyih_slov_russkogo_yazyka/page/multimedia.29842

4 Informatika. Komp'yuterna tekhnika. Komp'yuterni tekhnologii [Informatics. Computer Equipment. Computer Technologies]: Pidruchnik dlya stud. vishchih navch. zakladiv / Za red. O.I. Pushkarya. – K.: VC "Akademiya", 2002. – 704 b.

5 Verner Ingenblek. Vse o mul'timedia [All about Multimedia] / Ingenblek Verner. – Kiev: BHV, 1996. – 352 b.

6 Krapivenko A.V. Tekhnologii mul'timedia i vospriyatie oshchushchenij [Multimedia Technologies and Perception of Sensations]: uchebnoe posobie / Andrej Viktorovich Krapivenko. – M.: BINOM. Laboratoriya znaniy, 2009. – 271 b. : il.

7 Shlykova O.V. Kul'tura mul'timedia [Multimedia Culture]: Uch. posobie dlya studentov / O.V. SHlykova / MGUKI. – M.: FAIR-PRESS, 2004. – 415 s. – ISBN/ISSN: 5- 8183-0738-7.

8 Eliner I.G. Razvitie mul'timedijnoj kul'tury v informacionnom obshchestve [Development of Multimedia Culture in the Information Society]: avtoref. diss... doktora kul'turologii: 24.00.01 / Eliner Il'ya Grigor'evich; [Mesto zashchity: S.-Peterb. gos. un-t kul'tury i iskusstv]. – SPb., 2010. – 45 b.

9 Svetlov B.V. Esteticheskie potrebnosti lichnosti v sfere mul'timedijnoj kul'tury [Aesthetic Needs of the Individual in the Field of Multimedia Culture]: avtoref. dis... kand. filos. nauk: 09.00.04 / B.V. Svetlov; In-t filosofii HAH RB. – Minsk, 2003. – 22 b.

10 Orlova T. Obraznij sintez v umovah screen-kul'turi [Figurative Synthesis in the Conditions of Screen Culture] / T. Orlova [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: dspace.pnpu.edu.ua/bitstream/123456789/2029/1/orlova.pdf.

11 Burov A.M. YAzyk mul'timedia. Evolyuciya ekrana i audiovizual'nogo myshleniya [Multimedia Language. The Evolution of the Screen and Audiovisual Thinking] / A.M. Burov, E.G. YAremenko, S.M. Sokolov, N.V. Lukinyh, A.M. Orlov, V.M. Monetov. – M. : VGIK, 2012 [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: http://mkrf.ru/upload/mkrf/mkdocs2012/08_11_2012_4.pdf

12 Manovich L. The Language of New Media. – Cambridge, 2001.

13 Denikin A. Mul'timedia i iskusstvo: ot mifov k realiyam [Multimedia and Art: From Myths to Realities] / A. Denikin // Hudozhestvennaya kul'tura / Art & Culture Studies. – 2013. – № 6 [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://sias.ru/magazine/vypusk-6-2013/yazyki/843.html>

14 Teoriya sovremennoj kompozicii [Theory of Modern Composition]: uchebnoe posobie. / Gos. inst. iskusstvoznaniya, Mosk. gos. konservatoriya im. P. Chajkovskogo; отв. red. V.S.Cenova. – M.: Muzyka, 2005 – 624 b.

Бурибеков О.С., Нурмуратов С.Е., Болысбаев Д., Карибаев О.

Особенности социокультурного анализа феномена мультимедиа в современном информационном пространстве

Аннотация. В статье рассматриваются социокультурные аспекты развития мультимедиа, дается общее представление о различных информационных продуктах и средствах их разработки, о применении мультимедийных технологий во многих сферах деятельности, раскрывается их сущность и внутреннее содержание. Рассматриваются как сложная, открытая и гибкая система со своими специфическими аспектами, определяющими специфику мультимедийного феномена в культуре, и внутренними и внешними системообразующими факторами, определяющими его саморегуляцию, замкнутость и развитие, предпринимаются попытки обратить внимание и на его прикладное значение. Рассмотрение специфики мультимедийной культуры осуществляется через взаимодействие комплексных систем с плодами сложных, человеческих творческих возможностей, таких как культура, искусство, в которых существует особый продукт общества и духовного бытия. В работе отражена необходимость и возможность оптимизации мультимедийной системы, которая начинает занимать свое особое место в культурно-социальной жизни. По результатам исследования делается вывод, что мультимедиа-это не просто продукт технологической революции, а новая форма художественного творчества, которая действует как цифровое выражение идей, которые существуют в бесчисленных формах искусства и деятельности на протяжении тысячелетий.

Ключевые слова: анализ, идея, личность, общество, мультимедиа, культурология, компьютерные технологии, цифровое искусство, искусствоведение, визуальное искусство

Buribekov O., Nurmuratov S., Bolysbaev D., Karibaev O.

Features of Socio-Cultural Analysis of the Phenomenon of Multimedia in the Modern Information Space

Abstract: The article examines the socio-cultural aspects of multimedia development, gives a general idea of various information products and means of their development, the use of multimedia technologies in many fields of activity, reveals their essence and internal content. They are considered as a complex, open and flexible system with its own specific aspects that determine the specifics of the multimedia phenomenon in culture, and internal and external system-forming factors that determine its self-regulation, isolation and development, attempts are made to pay attention to its applied significance. Consideration of the specifics of multimedia culture is carried out through the interaction of complex systems with the fruits of complex, human creative possibilities, such as culture, art, in which there is a special product of society and spiritual being. The paper reflects the necessity and possibility of optimizing the multimedia system, which is beginning to take its special place in cultural and social life. According to the results of the study, it is concluded that multimedia is not just a product of the technological revolution, but a new form of artistic creativity that acts as a digital expression of ideas that have existed in countless forms of art and activity for thousands of years.

Key words: analysis, idea, personality, society, multimedia, cultural studies, computer technology, digital art, art criticism, visual art